

СӨЖ №3

Инклюзивті білім беру жағдайындағы бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби дайындық мәселесі



Орындаған: Қырғызбай А.Қ.

Г-31

Қабылдаған: Какина Д.Ш.

Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігінің стратегиялық жоспарының мәліметіне сүйенсек, 2014-2018 жылдары былайша көрінеді: «Мұғалімдердің төменгі сапалық құрамы: педагогтардың жалпы санына шаққанда жоғары категориялы педагогтар саны – 16,3%, бірінші категориялы педагогтар саны – 31%. Жұмыс істейтін әрбір бесінші мұғалімнің орта жасы -50-ден жоғары. Педагогтардың жалпы санына шаққанда 30-жылдан төмен емес еңбек өтілі бар педагогтар саны – 12,8% құрайды. Жас мамандармен жыл сайын толықтыру көлемі – 3,3% ғана.





Мектепке дейінгі және жалпы орта білім, жалпы қосымша білім беретін ұйымдарының инклюзивті білім беру саласында біліктілігін жоғарылатқан педагогтарының үлесі 2014 жылдан бері әр жыл сайын 20%-ға көтеріліп келетінін көріп отырмыз.

Инклюзивті білім беру жағдайында білім алушылардың дамуына өз үлесін қосқан педагогтарды дайындау мен дамыту әсіресе, біздің елімізде күн тәртібіне өткір қойылып отыр. Мұндай педагогты дайындау үшін педагогикалық білім беру жүйесін жаңарту керек. Ендеше, бастауыш сынып мұғалімдерінің дайындығын жоғарылату үшін қандай білім мен біліктіліктер қажет?

Елімізде тұрақтанған дамудағы ауытқушылықтарды кешенді диагностикалау ісі мен түзетуші-педагогикалық қолдау жүйесі мүмкіндігі шектеулі әрбір үшінші балаға жалпыға бірдей білім беретін үдеріске араласуға мүмкіндік береді. Алайда дамуында ауытқушылығы бар, яғни мүмкіндігі шектеулі мектепке дейінгі балаларға білім беруде тепе-тең қолжетімділік толыққанды қамтамасыз етіле қоймаған. Егер төменде келтірілген кестеге назар аударатын болсақ, мынаны көруге болады: педагогикалық кадрларды қайта дайындау қазіргі таңда өте өзекті мәселе болып отыр. Тек қана айқын құрастырылған көрініс бізге біліктілікті жоғарылатудың нақты ұстанымдарын анықтауға және инклюзивті білім беретін педагогикалық кадрларды қайта дайындауға көмектесе алады

Педагогтардың кәсіби және тұлғалық дайындығы үшін мынадай психология-педагогикалық білімдер қажет:

∅ инклюзивті білім дегеніміз не, оның дәстүрлі білім формасынан айырмашылығы неде екендігін түсіну;

∅ инклюзивті білім беру ортасында балалардың жас ерекшеліктері мен тұлғалық дамуы, психологиялық заңдылықтары туралы білу;

∅ ауытқушылығы бар және қалыпты дамып келе жатқан балаларды бірлесіп оқыту үшін оқу үдерісін дидактикалық жобалау мен психологиялық тәсілдерін білу;

∅ білім беру ортасының субъектілері (топ ішіндегі әрбір оқушылармен, ата-аналармен, әріптес-мұғалімдермен, мамандармен, басшылармен) арасындағы педагогикалық өзара байланыстың әртүрлі тәсілдерін жүзеге асыру қабілеті.



Білім берудегі педагог – білім алушыларына тек білім мен шеберлік беріп қоймай, оның тұлғасын айқындайтын құндылық тәрбиелейтін тұлға. Педагог тұлғасы инклюзивті білім берудің басты мәселесі танылады. Педагог жоғары мәдениетке, рухани тұрақтылыққа және кәсіби біліктілікке ие болуы тиіс. Педагог тұлғасы мен оның басқару стилінің икемділігіне білім алушы топтардың ішіндегі психоэмоционалды атмосфера тәуелді, оқыту ортасы құрылып, қолайлы коммуникация, серіктестік пен ынтымақтастық ұстанымдары жүзеге асырылады. Инклюзия идеологиясын ендіре отырып оқытушы жоғары рухани ұстанымдарды басшылыққа алып отыруы керек. Ол адамгершілік қасиеттерін, толеранттылық, мейірімділік, жақсылық, инабаттылық, сабыр мен «қалыпты емес» адамдарға деген құрметке ие болуы керек. Инклюзивті топ педагогы білім алушыларының дене, интеллектуалды, эмоционалды және рухани денсаулығына жауапты екендігін ұмытпауы тиіс. Сондықтан педагог әртүрлі білім алу үшін қолайлы микроклиматты тудыра алады. Ол – әділ болуы тиіс, білім алушыларды бөліп-жармай барлығына бірдей қарап, олардың өз күшіне деген сенімі мен өзіне деген құрметін нығайтып, күш-жігерлерін

Фантаст Герберт Уэллс басып алушыларға да, мемлекетке де көпшіліктің болмысын өзгертпеуі керек, тек мұғалім ғана жаңа қиялдар тудырып, адамзаттың жасырын күштерін аша алатынын айтады.



Шетелдік және отандық тәжірибелерге талдау жасай отырып, біз педагогтардың инклюзивті білім беру саласындағы біліктілігін көрсететін кәсіби көрсеткіштер тобын белгілеп көрсеттік:

- **∅ мүмкіндігі шектеулі балаларды инклюзивті білім беру ортасында оқыту, тәрбиелеу мен дамыту мәселелері бойынша өз бетімен кәсіби білім алуды жобалау және жүзеге асыру;**
- **∅ инклюзивті білімнің нормативті-құқықтық негіздерін теориялық білу;**
- **∅ инклюзивті білім беру жағдайында ақпараттық-коммуникативті технологиялардың негіздерін практикалық білу;**
- **∅ барлық субъектілерді қатыстырып, мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-аналары арасындағы дұрыс қарым-қатынасты құрастыра білу қабілеті;**
- **∅ жалпыға бірдей білім беру үдерісінде этикалық нормаларды сақтау, толеранттылықты және «кедергісіз» ортаны қалыптастыру, рухани-адамгершілік қасиеттерінің көрінуі.**

Ақпараттық қоғам мәселелері бойынша жоғары деңгейде өткен Бүкіләлемдік кездесу ақпараттық және коммуникативті технологияларды білімнің барлық сатыларында, адами ресурстарды оқыту мен дамытуда (Ұстанымдар Декларациясы: 30) қолдануды ұсынады. Көшбасшылар білім беру жүйесінің мәселелеріне реформалар мен өзгерістер енгізуіне қарай, АКТ-ды қолдану оқушыларға жеке тұлғалық қасиеттері мен білімді игеру стилдеріне сәйкес білім алуы үшін басты компонент әрі мүмкіндік ретінде танылып отыр .



Бұл ұсыныстар ағартушылық қызметкерлеріне, саясат жасаушылар мен әкімгерлерге арналған. Басты ұсыныстар мынадай мәселелерге арналған:

- Ø оқушылардың «өздеріне ыңғайластыру» және білімді алу үшін технологияларды пайдалану барысындағы талап-тілектері мен форматтарын қолдана отырып, білім алу мүмкіндіктері мен құқықтарын кеңейту;
- Ø мектеп сыныптарында өзіндік орын тапқан дәстүрлі АКТ-ны (персоналды компьютерлер, персоналды планшеттер, ұялы сымтетіктер т.б.) пайдалану үшін сансыз құралдарды барынша максималды қолдану;
- Ø инклюзивті білім беру мақсатында технологияларды қолдану жолында кездескен, әсіресе, оқытушылар тарапынан көрінетін жүріс-тұрыстық кедергілерді болдырмау;
- Ø Жиналыста сарапшылар қарастырған басқа да тақырыптар ішінде қолжетімді АКТ-ны сыныптарда қолдану мүмкіндіктері туралы мәселелерді атауға болады
- Ø технологияларды қолдануда оқытушыларға, оқушылар мен отбасы мүшелеріне АКТ-ға қолжетімді арнайы білімге ие жергілікті топтар мен тұлғалар желісін құру арқылы қолдау көрсету;

Кіші мектеп жасындағы мүмкіндігі шектеулі балаларда қандай ақпараттық және коммуникациялық құзіреттіліктерді қалыптастыру мүмкін?



- 1.Жалпы орта мектептерде мүмкіндігі шектеулі балаларды дені сау балалармен бірге оқыту;
- 3.Балалар арасында дискриминацияны болдырмау;
- 4.Арнайы білім беруді қажет ететін балаларға арнайы жағдай жасау.
- 2.Барлық адамдарға тең қарым-қатынас ;

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ДАМУДА ТЕРЕҢ ЖӘНЕ КЕШЕНДІ АУЫТҚУЫ БАР БАЛАЛАР ҮШІН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛДЫҢ ҚАБІЛЕТТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МЕН ҚОРШАҒАН ОРТАМЕН ҚАТЫНАС,БІРІГЕЙЛІ ҚҰРАЛДАР БОЛЫП ТАБЫЛАТЫНДЫҒЫН МОЙЫНДАҒАН.

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ АРҚАСЫНДА МҮМКІНДІКТЕРІ ПАЙДА БОЛДЫ:

технология әзірлеуде оқыту мен дамыту арасындағы арақатынасты анықтау;

-технология әзірлеуде оқыту мен дамыту арасындағы арақатынасты анықтау;

-тек қана технология базасында ғана мүмкін,жаңа жолға шығу жолын оқытуды құру;

-баланы оқытумен қызметін ынталандыру жағдайында басқа құралдармен мүмкін емес;

**Назарларыңызға
рахмет!**